AQ JELKEN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЖУРНАЛЫ

050010, Алматы қаласы|Абылай хан даңғылы а, 5-қабат, 514-бөлме| akzhelken.1925@gmail.com

«Ақ желкен» республикалық әдеби-көркем және танымдық журналы – қазақ балалар баспасөзінің тарихында өзіндік орны бар, 1925 жылдан бері жарық көріп келе жатқан ұлттық басылым. Ғасырлық тарихында бірнеше буынның рухани серігіне айналған журнал қазақ әдебиеті мен мәдениетін насихаттап, жас ұрпақтың білім көкжиегін кеңейтуге және жас қаламгерлердің қалыптасуына үлес қосып келеді.

Бүгінде «Ақ желкен» заман талабына сай жаңарып, жасөспірімдердің қызығушылығы мен сұранысына жауап беретін мазмұн ұсынады. Журнал беттерінде әдебиет пен өнер, ғылым мен технология, тарих пен мәдениет, кәсіби бағдар және медиасауаттылық тақырыптары қамтылып, оқырманның ой-өрісін кеңейтуге, сыни ойлауын дамытуға және ана тіліндегі сапалы контентке қызығушылығын арттыруға басымдық беріледі.

Мемлекет басшысының «Кітап оқитын ұлт» бастамасы аясында оқу мәдениетін қалыптастыру, жас ұрпақтың зияткерлік әлеуетін арттыру және кітап оқуға қызығушылығын ояту маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Бұл ретте балалар мен жасөспірімдерге арналған мерзімді басылымдардың да маңызы зор. Сапалы журнал оқу баланың сөздік қорын байытып, дүниетанымын кеңейтуге, ақпаратты саралап, өз пікірін қалыптастыруына ықпал етеді.

Осыған байланысты өңірлердегі балалар мен жасөспірімдердің отандық басылымдарға қолжетімділігін арттыру және оқу мәдениетін дамыту мақсатында «Ақ желкен» журналының таралымын ұлғайтуға қолдау көрсетуіңізді сұраймыз. Атап айтқанда, білім беру ұйымдары, мектеп және балалар кітапханалары үшін журналға жазылу мүмкіндігін қарастыруға, сондай-ақ тиісті мекемелер арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге ықпал етуіңізді өтінеміз.

«Ақ желкенді» қолдау – қазақ тіліндегі сапалы контенттің таралуына, жас ұрпақтың рухани және зияткерлік дамуына, ұлттық баспасөз дәстүрінің жалғасуына қосылған үлес. Ортақ мақсат жолындағы қолдауыңызға сенім білдіреміз.

Құрметпен «Ақ желкен» журналының бас редакторы Балжан Мұратқызы

Жазылу индекстері:

жеке жазылушылар үшін 75797		**кәсіпорындар мен ұйымдар үшін 25797**	
қала	**ауыл**	**қала**	**ауыл**
3 ай – 2 083,26	**/ 2 068,23**	**3 ай – 4117,65**	**/ 3928,23**
6 ай – 4 166,52	**/ 4 136,46**	**6 ай – 8235,30**	**/ 7 856,46**
12 ай – 8 333,04	**/ 8 272,92**	**12 ай – 16 470,60**	**/ 15 712,92**

Орандаған: Б.Шұлғаубай 87059701088